

Атбасар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 ақпандағы № 6С 9/10 "Атбасар ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 19 қазандағы № 6С 24/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 1 қарашада № 6823 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қарашадағы № 8С 9/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 17.11.2023 № 8С 9/4 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атбасар ауданық мәслихатының "Атбасар ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 22 ақпандағы № 6С 9/10 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5835 тіркелген, 2017 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Атбасар ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - уәкілетті ұйым) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық

нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

8-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"8. Әлеуметтік көмек алушылардың келесі санаттарына беріледі:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген басқа тұлғалардың санаттарына;

ең төмен зейнетақы мөлшерінде алатын зейнеткерлерге;

барлық санаттағы мүгедектерге;

жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілеріне;

ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілеріне;

Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған жұмысшылар мен қызметшілеріне;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылып шыққан тұлғаларға;

пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларға;

табиғи апат немесе өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларға);

әлеуметтік мәні бар (туберкулезбен, онкологиялық аурулармен және адамның иммундық тапшылық вирусы) аурулармен ауыратын тұлғаларға;

ауылдық елді мекендерде тұратын, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың, колледждерде ақы төлеу негізінде күндізгі оқу нысанасы бойынша оқитын студенттерге.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіз болады:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған негіздер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан, азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу, немесе әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгіленбейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы, орташа табыстың бар болуы.";

10-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"10. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей, уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша Атбасар ауданының әкімдігі бекітетін тізім бойынша көрсетіледі."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
Атбасар аудандық
мәслихатының хатшысы*

Борұмбаев Б.А.

"КЕЛІСІЛДІ"

*Атбасар ауданының
әкімі*

А.Ә.Қалжанов

"19" қазан 2018 жыл